



БҰЙРЫҚ

24.02.2026

(айы, күні)

ПРИКАЗ

№ 01-04/15

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 5-тармағына және Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің 13-тармағының 5-тармақшасына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) жүргізілсін.

2. Осы бұйрықтың № 1 қосымшаға сәйкес Талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың № 2 қосымшаға сәйкес Талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылсын.

4. Жұмыс тобы Талдау жүргізу үшін ақпаратты уактылы және сенімді қамтамасыз етсін.

5. 2025 жыл Талдау кезеңі болып белгіленсін.

6. Директордың орынбасары Д.Қ.Зікірия жұмыс тобы қызметкерлерін осы бұйрықпен таныстырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директордың м. у. а.

А.С. Койлыбаев

Бұйрықпен таныстық:

№ 1 қосымша

2026 жылғы "24" 02

бастап

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс жоспары

№ р/р	Жұмыс түрлері	Мерзімі дейін	Жауапты тұлғалар
1.	Ақпарат жинағы: <i>Талдау объектісінің 2025 жылғы кезеңдегі қызметі туралы есеп.</i> <i>2025 жылғы кезеңдегі тәртіптік тәжірибе туралы ақпарат.</i> <i>2025 жылға арналған азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ақпарат.</i>	10 наурыз 2026ж. 13 наурыз 2026ж. 17 наурыз 2026ж.	Барлық бөлімдер
2.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау. Оның ішінде қызмет бағыттары бойынша: 1) персоналды басқару;	20 наурыз 2026ж.	Жұмыс тобы
3.	Аналитикалық есепті дайындау және қол қою.	27 наурыз 2026ж.	Жұмыс тобы
4.	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және тәуекелдер картасын жасау.	2 сәуір 2026ж.	Жұмыс тобы
5.	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет	7 сәуір 2026ж.	Жұмыс тобы

	комитетіне талдау нәтижелері туралы анықтаманы ұсыну.		
6.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан шаралар) туралы ақпаратты интернет-ресурстарда жариялау.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша.	Жұмыс тобы

2 қосымша

2026 жылғы " 24 " 02

бастап

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы

Топ басшысы:

Директордың орынбасары, комплаенс-офицер Д.Қ.Зікірия.

Жұмыс тобы қызметкерлері:

Бөлім басшысы-Ж.Құрбанәлі;
Заңгер-С.Мұздыбаев.